



Бұл хат 2001 жылғы 18 мамырда қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкінің (Банк) арасындағы Агросервистік қызметтерді қолдау жобасын дайындауға Жапон Үкіметінің гранты туралы 2000 жылғы 18 желтоқсандағы келісімге (Жапондық грант туралы келісім) қатысты. Жапон Үкіметі мақұлдаған Келісім шеңберінде құрамдастарды, іс-шараларды және қаражаттарды қайта бөлу туралы өтінішке сәйкес көрсетілген Келісімге мынадай өзгерістер енгізуге Банктің келіскендігін Сізге хабарлауға қуаныштымыз:

1. Қосымшада 1-параграф 1.1 (а) тармақшасының бірінші жолы былай өзгертілді:  
Ауыл шаруашылығы маркетингінің стратегиясы  
(187 600 АҚШ доллары)

2. Қосымшада 1-параграф 1.1 (б) тармақшасының бірінші жолы былай өзгертілді:  
Техникалық қызмет көрсету жоспары  
(249 200 АҚШ доллары)

3. Қосымшада 1-параграф 1.1 (б) тармақшасында "Конкурстық гранттар бағдарламаларының негізгі қатысушылары үшін семинар ұйымдастыру көзделеді, оның құны шамамен 6 000 АҚШ долларында бағаланып отыр." деген сөйлем алынып тасталды.

4. Қосымшада 1-параграф 1.1 (в) тармақшасының бірінші жолын былай оқу керек:  
Ауыл шаруашылығы министрлігінің әлуетін еселеу  
(186 800 АҚШ доллары)

5. Қосымшада 1-параграф 1.1 (в) тармақшасында "жүргізілетін болады" деген сөзден кейінгі "." белгісі ":" белгісіне өзгертіліп, мынадай мазмұндағы "v" жаңа тармақшасы енгізілді:

"және (v) грант қаржысын аудиттен өткізу."

6. Қосымшада 3-параграф былай өзгертілді:  
" 3 . С а т ы п а л у

3.1. Банкпен келісілген жағдайларды қоспағанда, іс-шараларды орындау үшін қажетті және Грант қаражатынан қаржыландырылатын консультанттар қызметтерін және тауарларды сатып алу осы Қосымшаға 1-Толықтыру ережелерімен реттеледі.

3.2. Алушы Грант қаражатынан қаржыландырылатын импортталатын тауарлардың барлығы сатып алу, тасымалдау және пайдаланылатын жеріне жеткізу немесе орнату процесінде туындауы мүмкін зияндардан сақтандырылғанына және сақтандырылған тауарларға кез келген өтемақы мұндай тауарларды ауыстыру немесе жөндеу үшін еркін айырбасталатын валютамен төленетініне көз жеткізуі тиіс. Алушы іс-шараларды жүзеге асыруға арналған барлық жабдық әрқашан да пайдаланылатына және тиісті күйде ұсталатынына әрі мұндай жабдықты кез келген жөндеу немесе ауыстыру қажет болғанда және тез арада жүргізілетініне көз жеткізуі тиіс.

7. Қосымшада 4-параграфтың 4.1, 4.2, 4.3, 4.4 және 4.5-тармақшалары былай өзгертілді:

#### "4. Грант қаражатын шоттан алу

4.1. Грант сомасы Банк өз бухгалтерлік есептерінде Алушының атына ашқан шотқа (бұдан әрі - Грант Шоты) есептелетін болады әрі Алушы одан қаражатты іс-шараларды орындау үшін қажетті және Грант қаражатынан қаржыландыру үшін көзделген орынды құны бойынша сатып алынған қызметтер мен тауарларға арналған шығыстар үшін осы 4-тараудың ережелеріне сәйкес ала алады.

4.2. Мына санаттарға арналған шығыстар Грант қаражатынан қаржыландырыла алады және тек іс-шараларды орындауға ғана пайдаланылуы тиіс:

Санаттары	Гранттың бөлінетін	Шығыстар сомасының қаржыландырылатын % сомасы (АҚШ долларымен)
(1) Консультанттардың қызметтері	591 500	100%
(2) Семинарлар	6 000	100%
(3) Тауарлар	16 000	Сыртқы шығыстар - 100%, жергілікті шығыстар (дайындаушы зауыттың бағасы) - 100% және жергілікті рыноктан сатып алынатын басқа тауарларға жергілікті шығыстар - 85%
(4) Операциялық шығыстар	6 000	100%
(5) Грант шоттарының аудиті	4 100	100%
Жиыны	623 600	

Терминдердің мағыналары:

(а) "сыртқы шығыстар" Алушының елінен басқа кез келген елдің аумағынан жеткізілетін тауарлар мен қызметтер үшін Алушының елінен басқа кез келген елдің валютасындағы шығыстарды білдіреді;

(б) "жергілікті шығыстар" сыртқы шығыстар болып табылмайтын кез келген шығыстарды білдіреді, алайда егер аумағынан тауарлар мен қызметтер жеткізілетін елдің валютасына Алушының валютасы сәйкес келсе, мұндай тауарлар мен қызметтерге осындай валютадағы шығыстар сыртқы шығыстар болып есептеледі.

(в) "семинар" іссапар, тәуліктік, үй-жайды жалға алу, аудармашылық қызметіне және жабдықтарға арналған шығыстар сияқты семинар бойынша шығыстарды білдіреді ;  
ж ә н е

(г) "операциялық шығыстар" кеңселік үй-жайға арналған шығыстарды білдіреді.

4.3. Жоғарыда 4.2-параграфтағы ережелерге қарамастан:

(а) Қаражат мыналарға арналып алынбауы тиіс: (i) осы Келісім-хатқа Банк қол қойған күнге дейін жасалған шығыстарды төлеуге; (ii) Алушының аумағында салынатын кез келген салықты төлеу есебіне; (iii) Банктің мүшесі емес кез келген елдің аумағындағы шығыстарға немесе осындай елдерде өндірілген тауарлар немесе осындай аумақтардан көрсетілген қызметтерге; (iv) жеке адамдарға немесе ұйымдарға немесе тауарлар импортына кез-келген төлем жасау мақсатымен, егер мұндай импорт немесе мұндай төлем Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының VII бөлімінде қабылданған, Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің шешімімен тыйым салынғаны Банкіге белгілі болса;

(б) Жабылу күні Банк Жобаны қаржыландыру үшін белгілегеннен өзгеше бола алмайтын жағдайларды қоспағанда, қаражат 2002 жылғы 31 қазаннан немесе Алушының жазбаша хабарлауымен Банк белгілеген мейлінше кешірек күнінен (жабылу күні) кейін шоттан алынбайды. Алайда, жабылу күнінен кейін төрт айдың ішінде Банк тиісті өтінішті алған жағдайда, жабылу күнінен кейін қаражат шоттан алынуы мүмкін, бұл мерзім өткеннен кейін шоттағы Гранттың пайдаланылмаған қаражатының кез келген сомасы жойылады; және

(в) Егер, Банктің пікірі бойынша, 4.2-параграф кестесінде көрсетілген баптардың кез келгеніне тағайындалған Грант сомасы осы баптар бойынша шығыстарды қаржыландыруға жеткіліксіз болса, Банк Алушыға жазбаша хабарлап, Банктің пікірі бойынша, шығыстар шығару міндетті емес басқа бап бойынша шығыстарға тағайындалған Грант қаражатының сомасын осындай баптарға қайта бөлуі мүмкін.

4.4. Алушы Грант шотынан әлде бір соманы алуды қалағанда, ол Банкі белгілеген нысанда Банкіге осы соманы алуға жазбаша өтініш беруге тиіс. Шоттан қаражатты алуға өтініш: (а) Алушы атынан Қаржы министрі немесе жазбаша түрде ол өкілетті еткен басқа адам қол қойған; (б) Банк негізді сұрап отырған өтініштерді қолдаған негіздемелерді тапсыруы тиіс. Шоттан алуға берілетін өтінішке қол қоюға өкілетті адам қолының куәландырылған үлгісі оның қолы бар бірінші өтініште берілуге тиіс. Шоттан сома алуға берілген әрбір өтініш пен оның ілеспе негіздемелері Алушы Грант шотынан осы соманы алуға құқылы екендігіне және осы сома іс-шараларды орындауға пайдаланатындығына Банкіні сендіру үшін нысаны мен мазмұны бойынша жеткілікті болуы тиіс. Алушы Грант шотынан алатын соманы Банк шоттан тек Алушыға немесе оның билігіне сәйкес төлейді.

4.5. Банк Алушыны хабардар ететін шарттарға сәйкес барлық жағдайда: (а) консалтингтік фирмалардың 35 000 АҚШ доллары баламасынан аспайтын қызметтеріне; (б) жеке консультанттардың 25 000 АҚШ доллары баламасынан аспайтын қызметтеріне; (в) семинарларға; және (г) операциялық шығыстарға Грант шотынан қаражат алуды шығыстар туралы есеп негізінде жүргізілуін Банк талап ете алады.

8. 1-Толықтырудың 1-бөлімінің В бөлігіне жаңа 3-тармақша қосылды:

**" 3. Консультанттарды кәсіби біліктілікке негізделген іріктеу**

Қосымшаның 1.1 (в), (v) параграфына сәйкес грант шеңберіндегі аудиторлық қызметтер консультанттарды іріктеу және жалдау жөніндегі басшылықтың 3.1-3.7-параграфтарының ережелеріне сәйкес жасалатын келісім-шарттар бойынша сатып алынады."

9. 1-Толықтыруға мынадай мазмұндағы жаңа II бөлім енгізілді:

**" II бөлім . Тауарлар сатып алу**

(а) Тауарлар: (а) Банк 1995 жылғы қаңтарда жариялаған және 1996 жылғы қаңтарда, тамызда, 1997 жылғы қыркүйекте және 1999 жылғы қаңтарда қайта қараған "ХҚДБ қарыздары және ХДҚ кредиттері шеңберінде сатып алу жөніндегі басшылықтың" ( бұдан әрі - Басшылық) I бөлімінің шарттарына; (б) Басшылықтың 3.5 және 3.6-параграфтарының шарттарына сәйкес сатып алу рәсімдері негізінде жасалатын келісім-шарттарға сәйкес сатып алынуға тиіс. Басшылыққа I Қосымшаның 4-параграфында мазмұндалған қарау рәсімдері 4-параграфтағы "тендерлік ұсыныстар" деген сөз тіркесі "бағалау" деген сөзбен ауыстырылған сондай келісім-шарттарға қ о л д а н ы л у ы т и і с .

Жоғарыда келтірілген түзетулермен Өзіңіздің келісуіңізді қолыңызды қою, күнін көрсету және осы хаттың көшірмесін қосып бізге қайтару жолымен растауыңызды сұраймыз. Қол қойылған хатты біз алғаннан кейін бұл өзгерістер бірден күшіне енеді.

Құрметпен,

**Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкі**

Н е н с и

К у к

Еуропа және

Орталық

Азия

аймағының

Орталық

Азия

Департаментінің

атқарушы директоры

К е л і с і л д і :

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Уәкілетті өкіл

А . Ә . Т . :

Л а у а з ы м ы :

Күні:

**Дүниежүзілік Банк**

1818 H Street N.W.

(202) 477-1234

Халықаралық Қайта

Washington D.C.20433

Кабельдік мекен-жайы:

жаңарту және Даму

USA

INTBAFRAD

Банкі  
Халықаралық Даму  
Қауымдастығы  
Экономика және сауда министрі  
Жақсыбек Күлекеев мырзаға  
Қазақстан Республикасы  
Астана, 473000

Кабельдік мекен-жайы:  
INDEVAS

Қазақстан Республикасы: *Агросервистік қызметтерді қолдау жобасын дайындауға арналған жапон гранты* - грант N TF026444

Құрметті Күлекеев мырза:

Мен Сізге Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкінің атынан (ХҚДБ) Банктің әкімші ретінде Қазақстан Республикасына (Алушы) алты жүз жиырма үш мың алты жүз АҚШ долларынан (\$623,600) аспайтын сомада Жапон грантының қаражатын (Грант) беруге келісетіндігін хабарлау мақсатында хат жазып отырмын.

Грант Алушының осы келісім-хатқа Қосымшада көрсетілген мақсаттарға және шарттарда қаржы көмегін беруге арналған өтінішіне жауап ретінде беріледі. Алушының осы келісімді растауы оның келісім-шарт жасауға және көрсетілген мақсаттарға және жазылған шарттармен шоттан Грантты алуға уәкілетті екендігін білдіреді.

Алушының атынан қолыңызды қойып, төмендегі жөнінде Өзіңіздің келісетіндігіңізді растауыңызды сұраймын, қоса беріліп отырған келісім-хат Сіздің оған қол қойған күніңізден бастап Банк Сіздің қолыңыз қойылған оның көшірмесін алған соң күшіне енеді.

Терең құрметпен,

**Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкі**

Киоши Кодера  
Орталық Азия елдері бөлімінің директоры  
Еуропа және Орталық Азия аймағы

Қазақстан Республикасының атынан:  
Экономика және сауда вице-министрі  
Болат Әбілқасымұлы Палымбетов

Күні: 18.05.2001 жыл.

Қосымша

**Грантты берудің мақсаты, мерзімдері мен шарттары**

### **1. Мақсаты және іс-шаралар**

1.1. Гранттың мақсаты Агросервистік қызметтерді қолдау жөніндегі жобаны (Жоба) дайындауға жәрдем көрсетуден тұрады, оның басты міндеті - ауыл шаруашылығына арналған қызмет көрсетулерді қамтамасыз етудегі үкіметтің рөлін тиісінше айқындау және осы салада мемлекеттік және жеке секторлардың арасындағы өзара

қарым-қатынасты дәлірек айқындау. Жоба мынадай компоненттерді қамтиды: (i) ауыл шаруашылығы маркетингі; (ii) агросервистік қызметтер; (iii) Ауыл шаруашылығы министрлігінде ұйымдастыру-кадрлық мүмкіншіліктерді құру. Грант мынадай іс-шараларға (бұдан әрі "іс-шаралар") беріледі:

(a) Ауыл шаруашылығы маркетингінің стратегиясы (206 900 АҚШ доллары)

Ауыл шаруашылығы маркетингінің компонентін дайындау үшін техникалық көмекті қамтамасыз ету, оның шеңберінде мына жұмыс қорытындыланады және қаржыландырылады: (i) градация және стандарттар - тауар өнімінің қазіргі бар градациялары мен стандарттарын шолу, сыныптау мен мониторингтің әдістемесі, оларды халықаралық практикаға сәйкес келтіру жөніндегі шараларды айқындау; (ii) келісім-шарттар - ауыл шаруашылығы тауарларына арналған стандартты келісім-шарттарды әзірлеу, келісім-шарт туралы қолданылып жүрген заңды, келісім-шартты орындаудың тәртібін және оларды өзгерту жөніндегі ұсынымды талдау ; (iii) нарықтық ақпаратты тарату жөніндегі стратегияны жетілдіру - қазіргі бар ақпарат көздері мен ағындарын ескере отырып, ауыл шаруашылығы тауарларының нарығы туралы ақпаратты қамтамасыз етуге арналған нақты сұраныспен жұмыс істейтін жүйені әзірлеу, сондай-ақ осы салада мемлекеттік және жеке секторлардың рөлін шектеу; және (iv) нарықтық тетіктерді жетілдіру - қазіргі бар тауар биржаларын талдау және олардың қызметі мен тиімділігін жақсартуға арналған шараларды айқындау; практикаға фьючерстік мәмілелерді енгізудің мүмкіншіліктерін талдау; несие рыноктарына арналған қоймалық жазбаларды практикаға енгізуге қажетті қадамдарды айқындау; және ауыл шаруашылығы маркетингі саласында мемлекеттік және жеке секторлардың өкілдерін қатыстыра отырып, семинар ұйымдастыру. Семинарға арналған шығыстар бағалау бойынша 6 000 АҚШ доллары шамасында.

(б) Агросервистік қызметтерді қамтамасыз ету жөніндегі жоспар (255 700 АҚШ доллары)

Агросервистік қызметтерді дайындауға техникалық көмек көрсету, ол мынадай аспектілер бойынша қаржыландырылған жұмыстың негізінде әзірленген агросервистік қызметтерді қамтамасыз ету жөніндегі жоспарды қамтитын болады: (i) *тұқым шаруашылығы стратегиясы*, онда негізгі қатысушылар айқындалатын, қазіргі бар сертификаттау жүйесіне және осы қолданыстағы тәжірибелік және лабораториялық үй-жайлар мен жабдыққа баға берілетін; үкіметтік қолдау мен мемлекеттік реттеу саясаты талданатын; осындай саясаттың өзгерістері жөніндегі жоспар ұсынылып; түрлі ұйымдардың рөлдеріндегі және міндеттеріндегі қажетті өзгерістер айқындалып, нақты тұқым шаруашылығы кәсіпорындарын коммерциялаудың кезеңдері белгіленіп және осы ұсынымдарға байланысты инвестицияларға қажеттілік айқындалатын болады; (ii) *конкурстық гранттар бағдарламасы*, оның шеңберінде (a) қаржылық басқару және сатып алулар бойынша міндеттер сипаттала отырып, жұмыс тәртібі тәптіштелінген

басшылық әзірленіп, меншік құқықтары туралы және есептілік пен мониторингті ұйымдастыруға қатысты түсіндірме берілетін болады; (б) Үкіметке Конкурстық гранттар мен рецензиялық комиссия жөніндегі кеңесті ұйымдастыруға көмек көрсетіліп ; сондай-ақ (с) Үкіметке ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының сұранысы негізінде қолданбалы зерттеулер мен ақпарат үшін басым бағыттарды айқындауда көмек көрсетілетін болады; (iii) *мал дәрігерлігі қызметтері*, мұның бағытының шеңберінде мал дәрігерлігі және карантиндік қызметтерге байланысты қазіргі бар институционалдық құрылым, үй-жайлар мен жабдық, саясат, нормативтік құжаттар мен шығыстар талданатын болады; сондай-ақ (iv) *өсімдіктерді қорғау қызметтері*, мұның бағытының шеңберінде сондай-ақ өсімдіктерді қорғау мен фитосанитарлық қадағалауға байланысты қазіргі бар институционалдық құрылым, үй-жайлар мен жабдық, саясат, нормативтік құжаттар мен шығыстар талданатын болады. Конкурстық гранттар бағдарламаларының негізгі қатысушылары үшін семинар ұйымдастыру көзделеді, оның құны шамамен 6 000 АҚШ долларына бағаланып отыр.

(в) Ауыл шаруашылығы министрлігінде ұйымдастыру-кадрлық мүмкіншіліктерді құру (161 000 АҚШ доллары)

Ауыл шаруашылығы министрлігіне (i) Грант қаражатына қаржыландырылатын қызмет салаларына: (ii) Агросервистік қызметтерді қолдау жобасын орындау жөніндегі жоспарды жасауы мен басшылықты қамтамасыз етуді; (iii) Министрлікте экономикалық саясат пен дамуды талдау саласында ұйымдастыру-кадрлық мүмкіншіліктерді құру жөніндегі шаралар жоспарын жасауды; (iv) салалық стратегияның құрылымын әзірлеуді бақылау мақсатында техникалық көмек көрсетілетін болады, мұнда мемлекеттік және жеке секторлардың рөлдеріне шек қойылатын болады, әлеуметтік және экологиялық аспектілер ескеріле отырып, дамудың орнықтылығына басты назар аударылып; сондай-ақ нарық туралы ақпаратта, қолданбалы зерттеулер мен техникалық ақпаратта түпкі пайдаланушылардың үстем нұсқалары мен мұқтаждықтарын бағалауға дайындық жүргізілетін болады.

## **2. Іс-шараларды орындау жөніндегі жалпы ережелер**

2.1. Алушы: (а) Іс-шараларды лайықты түрде адал және тиімді орындауға; (б) осы мақсат үшін қажетті қорларды, үй-жайларды, қызмет көрсетулер мен басқа да ресурстарды дереу беруге; (в) Банктің негізді сұрау салуы бойынша Іс-шаралар және Грант қаражатының пайдаланылуы туралы барлық ақпаратты беруге; (г) Банктің өкілдерімен Іс-шаралардың орындалу барысы мен нәтижелері туралы мезгіл-мезгіл пікір алмасып тұруға; (д) Банктің өкілдеріне Гранттың мақсаттарына қатысты Қазақстан Республикасының аумағында болуға мүмкіншілік беру үшін барлық шараларды қолдануға міндетті. Жоғарыда айтылғанға шек қоюсыз Алушы Іс-шаралардың орындалуы аяқталуы бойынша Банк сұрау салған жағдайда Іс-шаралардың нәтижелері мен ықпалы туралы Банк үшін қолайлы нысан мен мазмұнда Банкке қысқа мерзімде есеп дайындайды және ұсынады.

### 3. Сатып алулар

3.1. Банкпен келісілген жағдайларда қоспағанда, консультанттардың Іс-шараларды орындау үшін қажетті және Грант қаражатынан қаржыландырылатын қызмет көрсетулерін сатып алулар осы Қосымшаға I Толықтыруда жазылған ережелермен реттелетін болады.

### 4. Грант қаражатын алу

4.1. Грант сомасы Банктің өз бухгалтерлік кітаптарында Алушының атына ашқан шотқа есептелетін болады (бұдан әрі - гранттық шот), одан Алушы қаражатты Іс-шараларды орындау үшін қажетті және Гранттың қаражатынан қаржыландыру үшін көзделген орынды құны бойынша сатып алынған шығыстар үшін осы 4-бөлімнің ережелеріне сәйкес алуы мүмкін.

4.2. Мына санаттарға арналған шығыстар Грант қаражатынан қаржыландырылуы мүмкін және тек Іс-шараларды орындауға ғана пайдаланылуы тиіс:

Шығыстар санаты	Гранттың бөлінетін сомасы (АҚШ долларында)	Шығыстар сомасының қаржыландыратын %
Консультанттардың қызмет	611 600	100%
Семинарлар	12 000	100%
Барлығы	623 600	

"Семинар" деген термин осы тармақтың мақсаты үшін жергілікті көлік шығыстарын , тәулікақыларды, үй-жайларды жалға алуды, материалдардың ауызша және жазбаша аудармасы мен құнын білдіреді.

4.3. Жоғарыдағы 4.2-тармақтың ережелеріне қарамастан:

(а) Қаражат: (i) Банктің осы келісім-хатқа қол қою күніне дейін жүзеге асырған шығыстарды төлеуге; (ii) Алушының аумағында салынатын кез келген салықты төлеу есебіне; (iii) Банктің мүшесі болып табылмайтын кез келген елдің аумағындағы шығыстар есебіне немесе осындай аумақтарда өндірілген тауарлар немесе осындай аумақтардан көрсетілген қызметтер үшін; (iv) жеке адамдарға немесе ұйымдарға төлем жүргізу мақсатында, егер мұндай төлем жасауға Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының VII тарауына сәйкес қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің шешімімен тыйым салынған болса, шоттан алынбайды;

(б) Қаражат 2002 жылдың 31 наурызынан немесе Банктің, Алушыға жазбаша хабарлап белгілеген анағұрлым кешірек күнінен (Жабылу күні) кейін, Жабылу күні Банк Жобаны қаржыландыруды мақұлдаған кезде көзделген күннің шегінен шығатын мерзімге ұзартыла алмайтын айрықша жағдайларды қоспағанда, шоттан алынбайды. Солай дей тұра, егер Банк тиісті өтінімді Жабылу күнінен кейін төрт айдың ішінде алған жағдайда, жабылу күнінен кейін қаражат шоттан алынуы мүмкін, бұл мерзім

өткеннен кейін гранттық шоттағы Гранттың пайдаланылмаған қаражатының кез келген  
с о м а с ы ж о й ы л а д ы .

4.4. Алушы гранттық шоттан қандай да бір болмасын соманы алғысы келген жағдайда, ол Банкке осы соманы алуға Банк көрсеткен нысанда жазбаша өтінім береді. Қаражатты шоттан алуға арналған өтінімге: (а) Алушының атынан экономика министрі немесе ол жазбаша түрде уәкілеттік берген лауазымды тұлға қол қояды; және (б) Банктің негізді сұрау салуы бойынша өтінімді қолдау үшін құжаттар қоса беріледі. Шоттан алуға арналған өтінімге қол қоюға уәкілеттік берілген адамның қолының куәландырылған үлгісі оның қолы бар бірінші өтінімімен бірге ұсынылуы тиіс. Грант сомасын алуға арналған өтінім мен растаушы құжаттама нысаны мен мазмұны бойынша жеткілікті және Алушының гранттық шоттан осы соманы алуға құқығы бар екендігін және осы сома Іс-шараларды орындауға пайдаланылатындығын қанағаттандыруы тиіс. Банк Алушының гранттық шоттан алатын сомасын тек Алушыға немесе оның тапсырмасы бойынша ғана төлейді.

4.5. Банк қаражатты гранттық шоттан алу: (а) \$35 000 дейінгі баламалы құнымен консультациялық фирмалардың қызмет көрсетулеріне; (б) \$25 000 баламалы аз құнымен жеке консультанттардың қызмет көрсетулеріне; (в) Банк Алушыға хабарлайтын барлық жағдайлардағы семинарларға арналған шығыстар туралы есептің негізінде жүргізілуін талап ете алады.

4.6. Грант қаражатын гранттық шоттан алу Грант валютасында жүргізілетін болады. Банк Алушының өтініші бойынша және Алушының агенті ретінде іс-әрекет ете отырып, гранттық шоттан алынған қаражатқа Грант қаражатынан қаржыландырылатын шығыстарға төлем жасау үшін қажетті валютаны сатып алады. Осы келісім-хаттың мақсаты үшін қажет болған жағдайда бір валютаның өзгесіндегі бағамының құнын Банк негізді түрде айқындайтын болады.

4.7. Іс-шаралардың орындалуын жеделдету үшін Алушы коммерциялық банкте Банкке қабылданымды шарттарда жойылып кетуден, тәркілеуден немесе тұтқындаудан тиісінше қорғауды қоса алғанда АҚШ долларында арнайы депозиттік шот (Арнайы шот) ашып және оны жүргізе алады. Шотқа салымдар мен шоттан төлеулер осы Қосымшаға II Толықтыруға сәйкес жүргізілетін болады.

## **5. Есептілік және аудит**

5.1. (а) Алушы жазбалар мен шоттарды қоса алғанда, қаржылық басқару жүйесін жүргізуге және жүргізілуін қамтамасыз етуге, бухгалтерлік есептің жалпы қабылданған стандарттарына сәйкес Іс-шаралары орындау бойынша операцияларды, ресурстар мен шығыстарды тиісінше көрсететін Банк үшін қабылданымды нысанда қаржы есептерін дайындауға міндетті.

(б) Алушы: (i) әрбір қаржы жылы (а) тармақшасында ескертілген, Банк үшін қабылданымды тәуелсіз аудиторлар жүргізетін кітаптар мен шоттардың аудитін жүргізуге; (ii) Банкке мұндай аудиторлардың есептерін, (А) әрбір аудиторлық

тексеруден өткен жыл бойынша осы тараудың (а) тармақшасында көрсетілген қаржы есептерінің куәландырылған көшірмелерін және (Б) көрсетілген аудиторлар жүргізген есептер, жазбалар, шоттар мен аудиторлық есеп бойынша қорытындыны Банк негізді түрде сұрайтын көлемде және тәптіштемеде дайын болуына қарай, бірақ кез келген уақытта қаржы жылы аяқталған соң алты айдан кешіктірмей ұсынуға; және (iii) Банкке Банктің негізді сұрау салуы бойынша есепке алу мен есептілікке және олардың аудитіне қатысты кез келген басқа ақпаратты ұсынуға міндетті.

(в) Шығыс ведомстволарының негізінде гранттық шоттан қаражатты алуға жүргізілген барлық шығыстар үшін Алушы: (i) жазбалар мен есептерді осындай шығыстарды көрсететін (а) тармақшасына сәйкес жүргізуге немесе қамтамасыз етуге; (ii) осы шығыстарды куәландыратын барлық жазбаны (келісім-шарттар, тапсырыстар, төлем жасауға ұсынылған шот-фактуралар, шоттар, квитанциялар мен басқа да құжаттар) гранттық шоттан соңғы алу жүргізілген қаржы жылы үшін аудиторлық есепті Банк алған соң кемінде бір жыл сақтауға; (iii) Банктің өкілдеріне осы жазбаларды зерделеу мүмкіншілігін беруге; және (iv) осы жазбалар мен есептілік (б) тармақшасында айтылған жыл сайынғы аудитке енгізілуін және мұндай аудиторлық есепте қаржы жылы ішінде ұсынылған шығыстар ведомстволарындағы мейлінше сенімді мәліметтерге қатысты аталған аудиторлардың жеке пікірі болуын, сондай-ақ оларды дайындау кезінде қаражатты алудың дұрыстығын растау үшін тәртіп пен ішкі бақылауды қамтамасыз етуге тиіс.

## **6. Тоқтата тұру және тоқтату**

6.1. Банк кез келген уақытта Алушыға хабарлау арқылы егер мынадай оқиғалардың кез келгені болса және одан әрі жалғасса: (а) Алушы осы құжатта айтылған өзінің міндеттемелерінің қайсыбірін орындамаса; немесе (б) Алушының немесе кез келген басқа ұйымның Қазақстан Республикасының кепілдігімен Банк заем берген, Банкпен заемдық келісім немесе даму мақсатында кез келген несиелік келісім бойынша қаражатты алуға арналған құқығы уақытша тоқтатыла тұрған болса, Алушының гранттық шоттан одан әрі алуды жүзеге асыру құқығын уақытша тоқтата тұра алады.

6.2. Банк Алушыға жазбаша хабарлау арқылы: (а) жоғарыдағы 6.1-тармақтың ережелеріне сәйкес Алушының гранттық шоттан одан әрі алуды жүзеге асыру құқығы уақытша тоқтатыла тұрғаннан соң кез келген уақытта; немесе (б) егер Алушы осы құжат күшіне енген соң алты айдың ішінде Іс-шаралардың орындалуы үшін Банкті қанағаттандыратын шаралар қолданбаса; немесе (в) егер Банк Алушымен консультация жасаған соң әлдебір сәтте өзінің Жобаны қолдауын тоқтатуға шешім қабылдаса; немесе (г) егер Алушы Жобаны қаржыландыруға Банктің көмегі туралы өзінің өтінішін қайтып алса, Алушының гранттық шоттан одан әрі алуды жүзеге асыру құқығын тоқтата алады.

І Толықтыру

**Сатып алулар**

## I бөлім Консультанттардың қызмет көрсетулері

### A Бөлігі: Жалпы ережелер

Консультанттардың қызмет көрсетулері 1997 жылы қаңтарда Банк 1997 жылғы қыркүйектегі және 1999 жылғы қаңтардағы түзетулерімен жариялаған "Дүниежүзілік Банк заемшыларының консультанттары іріктеуі мен жалдауы басшылығы" Кіріспесінің және IV Бөлімінің ережелеріне (бұдан әрі "Консультанттар туралы басшылық") және I Бөлімінің ережелеріне сәйкес сатып алынады.

### B Бөлігі: Сапа мен құнының негізінде іріктеу

Осы бөлімнің B Бөлігінде айтылған жағдайларды қоспағанда, консультанттардың қызмет көрсетулері сапа мен құнының негізінде консультанттарды іріктеуге қолданылатын Басшылықтың II Бөлімінің, оған 1-Қосымшаның 3-параграфының, оған 2-Қосымшаның ережелеріне және 3.13-3.18-параграфтарының ережелеріне сәйкес сатып алынатын болады.

### B Бөлігі: Консультанттарды іріктеудің басқа да рәсімдері

#### 1. Тіркелген бюджет кезіндегі іріктеу

Қосымшаның 1.1 (в) тармағында көрсетілген Жобаны басқаруға арналған қызмет көрсетулер "Консультанттар туралы басшылықтың" 3.1 және 3.5-параграфтарының ережелеріне сәйкес жеке консультанттарға берілген келісім-шарттар бойынша сатып алынатын болады.

#### 2. Жеке консультанттар

Қосымшаның 1.1 (а), (б) тармақтарында белгіленген ауыл шаруашылығының маркетингі, градация және стандарттар, тұқым шаруашылығы, тұқымды өңдеу мен өткізу, мал дәрігерлігі қызмет көрсетулері, өсімдіктерді қорғау, жобаны басқару, ауыл шаруашылығы саясаты, аудармалар үшін қызмет көрсетулер "Консультанттар туралы басшылықтың" 5.1 және 5.3-параграфтарының шарттарына сәйкес жеке консультанттармен келісім-шарттар бойынша сатып алынады.

### Г Бөлігі: Банкті консультанттарды іріктеуді тексеру

#### 1. Іріктеуді жоспарлау

Конкурса қатысуға консультанттарға қандай да бір болмасын шақыруларды бергенге дейін Іс-шаралар бойынша консультанттарды іріктеудің қоса берілетін жоспары "Консультанттар туралы басшылыққа" 1-Қосымшаның 1-параграфының ережелеріне сәйкес тексеру және бекіту үшін Банкке ұсынылады. Консультанттардың барлық қызмет көрсетуін іріктеу Банк бекітетін жоспарға сәйкес және аталған 1-параграфтың ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

#### 2. Алдын ала қарау

(а) 35 000 АҚШ долларына баламалы және одан жоғары, бірақ 100 000 АҚШ долларынан аз құнға бағаланған консультациялық фирмаларды жалдау бойынша әрбір келісім-шарттарға қатысты "Консультанттар туралы басшылыққа" 1-Қосымшаның 1, 2 және 5-параграфтарында жазылған рәсімдер қолданылады.

(б) 25 000 АҚШ долларына баламалы немесе одан жоғары құнға бағаланған жеке консультанттарды жалдауға арналған әрбір келісім-шартқа қатысты Банкке тексеру және біліктілігі мен тәжірибесі туралы мәліметтерді мақұлдауы үшін техникалық тапсырма мен жалдау шарттары ұсынылуы тиіс. Келісім-шарт Банк аталған мақұлдауды ұсынған соң ғана беріледі.

### 3. Кейінгі қарау

Осы Бөліктің 2-тармағына жатпайтын келісім-шарттарға қатысты "Консультанттар туралы басшылыққа" 1-Қосымшаның 4-параграфында жазылған рәсімдер қолданылады.

## II Толықтыру

### **Арнайы шот**

1. Осы Қосымшаның мақсаттары үшін:

(а) "заңды санаттар" деген термин осы келісім-шартқа қосымшаның 4.2-тармағының кестесінде санамаланған шығыстардың санаттарын білдіреді;

(б) "заңды шығыстар" деген термин орынды құны бойынша сатып алынған, көзделген Қызмет үшін талап етілетін және Грант қаражатынан қаржыландыруға жататын тауарлар мен қызмет көрсетулерге арналған шығыстарды білдіреді; және

(в) "бекітіліп бөлінген сома" деген термин 75 000 АҚШ долларына баламалы, Грант Шотынан алынатын және осы Толықтырудың 3 (а) тармағына сәйкес Арнайы шотқа орналастырылатын соманы білдіреді.

2. Арнайы шоттан төлемдер осы Қосымшаның ережелеріне сәйкес заңды шығыстарға ғана жүзеге асырылуы тиіс.

3. Банк Арнайы шот тиісті түрде ашылғандығы жөнінде қанағаттанарлық растау алған соң Бекітіліп бөлінген соманың қаражатын алу және Арнайы шотты толықтыруға арналған қаражатты бұдан кейінгі алу мынадай түрде жүзеге асырылады:

(а) Алушы Банкке жалпы Бекітіліп бөлінген сомадан аспайтын сомаға немесе сомаларға Арнайы шотқа өтінім немесе депозитке арналған өтінімдер ұсынады. Осындай өтінімінің немесе өтінімдердің негізінде Банк Алушының атынан осындай соманы немесе Алушы сұраған сомаларды Грант Шотынан алып, Арнайы шотқа орналастырады.

(б) (i) Арнайы шотты толықтыру үшін Алушы Банкке Банк көрсеткен уақыт аралықтары арқылы Арнайы шотқа арналған депозиттерге өтінім ұсынады.

(ii) Алушы әрбір осындай өтінімді беру уақытына дейін немесе беру уақытында Банкке төлем немесе төлемдер үшін осы Толықтырудың 4-тармағына сәйкес талап етілетін, оларға қатысты шотты толықтыру үшін қаражат талап етілетін құжаттар мен басқа да растауларды ұсынады. Осындай өтімінің негізінде Банк Алушының атынан Алушы сұраған және аталған құжаттар мен басқа да растаушы қағаздарда заңды шығыстар үшін Арнайы шоттан төленді деп көрсетілген соманы Грант Шотынан алып, Арнайы шотқа орналастырады. Барлық осындай депозиттерді Банк заңды санаттарға

сәйкес және көрсетілген құжаттар мен басқа да растаушы қағаздарда негізделген тиісті баламалы сомаларда алады.

4. Алушының Арнайы шоттан жасаған әрбір төлемі бойынша Алушы Банктің негізді сұрау салуын алған уақытында Банкке төлемнің тек заңды шығыстарға ғана жүргізілгендігін куәландыратын құжаттар мен басқа да растаушы қағаздарды ұсынуға міндетті.

5. Осы Толықтырудың 3-тармағының ережелеріне қарамастан Банкке мынадай жағдайларда :

(а) Банк кез келген уақытта Алушы бұдан әрі барлық қаражатты тікелей Грант Шотынан алуы тиіс деген шешім қабылдағанда;

(б) Алушы осы келісім-хатқа Қосымшаның 5.1 (б) (ii) тармағында көрсетілген уақыт кезеңі ішінде Арнайы шотқа көрсетілген тармаққа сәйкес Арнайы шотқа арналған есептік құжаттар мен есептердің аудитіне қатысты Банкке қажетті аудиторлық есептердің қайсыбірін тапсырмағанда;

(в) Банк Алушыға осы келісім-хатқа Қосымшаның 6.1-тармағының ережелеріне сәйкес Алушының Грант Шотынан қаражатты одан әрі алу құқығын толық немесе ішінара тоқтата тұратындығы туралы өзінің ниетін хабардар еткенде; немесе

(г) Гранттың жалпы алынбаған сомасы баламалы есепте Бекітіліп бөлінген соманың екі еселігіне теңелгенде, Арнайы шотқа депозиттерді одан әрі орналастыруы тиіс емес.

Гранттың бұдан соң қалған сомасы Грант Шотынан Банк Алушыға нақты хабарлаған тәртіпке сәйкес алынуы тиіс. Қаражатты одан әрі алу осындай хабарлау күнінде Арнайы шоттың депозитінде қалған барлық осы соманың заңды шығыстарға төлемдер жүргізу үшін пайдаланылатындығына көзі жеткен соң ғана жүзеге асырылады.

6. (а) Егер Банк кез келген уақытта қандай да бір болмасын төлем Арнайы шоттан: (і) осы Толықтырудың 2-тармағына сәйкес заңды болып табылатын шығыстар бойынша және сомада жасалған немесе (ii) Банкке ұсынылған растаушы құжаттамамен негізделмеген деп шешім қабылдаса, Алушы Банктен хабарламаны алуы бойында дереу: (А) Банк сұрауы мүмкін осындай қосымша куәліктерді тапсыруға немесе (Б) Арнайы шотқа (немесе, егер Банк оған орнын толтыруды сұраса) заңды деп табылмайтын немесе өзін ақтамайтын осындай төлемнің немесе оның бір бөлігінің сомасына тең соманы орналастыруға міндетті. Егер Банкпен өзгеше келісілмеген болса, Банк Алушы растаушы қағаздарды ұсынғанға немесе депозитке салғанға немесе нақты жағдайға қарай қажетті соманың орнын толтырғанға дейін Арнайы шотқа бұдан әрі ешқандай депозитті орналастырмайды.

(б) Банк егер кез келген уақытта Арнайы шоттағы кез келген жұмсалмаған сома заңды шығыстарға одан әрі төлемдерді жабу үшін талап етілмейтінін анықтаса, Алушы Банктен хабарламаны алу бойында дереу осындай жұмсалмаған соманы Банкке өтеуге міндетті.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК